

The functional purpose of propagation and creative features of creation of social advertising in a modern society are considered. The potential of social advertising and influence of its efficiency is discussed.

С.А. Ермаханова

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ «БАТЫС-ШЫҒЫС», «КІРМЕ-ӨЗІНДІК» КОНТИНУУМЫНДА

Жаңару жолына түскен әрбір мемлекет алдында дайын үлгілерді қолдану керек па (керек болса қандай үлгілер керек?) әлде әрбір мемлекет өз қоғамының ерекшеліктерін ескере отырып өзінің даму жолын іздеуі керек пе деген сұрақ туындайды.

Әлеуметтану теоретиктері жаңарудың көп түрлілігін, оның алуан түрлі үлгілері мен формаларының бар екеніне назар аударады (Дж. Джермани, Дж. Коулмен, Ш. Айзенштадт и др.). Дж. Джерманинің айтуынша, жаңаруды еуропалық институттарды әлемнің басқа жерлеріне тасымалдау немесе қандай да бір нақты қоғамға көшу деп қабылдамау керек. Ұлттық тәуелсіздік үшін қозғалыс, жаңа ұлттардың көтерілуі, капиталисттік қоғамның ұдайы өзгеріп отыруы, жоспарланатын экономиканың бірнеше түрінің пайда болуы, жаңару үдерісінде батыстық және батыстық емес белгілердің болуы – осының барлығы жаңарудың өзгеріп тұратын түрлі нұсқаларының бар екенін білдіреді [1].

Р. Бендикс көрсеткендей, жаңарудың көзге іліне қоймас салдары туралы сеніммен айту қиын, оның себебі мынада: қоғамдар жаңару үдерісіне өздерінің нақты табиғи ресурстарына, тарихы мен мәдениетіне ие бола отырып қосылады, сонымен қатар жаңару жолын бастау уақыты, осы үдерісті жүзеге асыру жылдамдығы мен әдістері әркелкі, ол, өз кезегінде, жаңарып отырған қоғамның «заманауилығына» үлкен септігін тигізіп, келбетін анықтайды [2].

Жаңару үдерістеріне қатысты бастапқы көзқарастарды қайта қарастыруға, бір бағытты жаңару үлгісін Батысқа еліктеу деп бас тартуға үлкен әсер еткен ғалым – Ш. Айзенштадт. Ол өзінің еңбектерінің бірінде жаңару барлық әлемді жайлағанымен де, біркелкі өркениеттің немесе әмбебап институционалды үлгінің қалыптасуына әкеп соқтырмады; керісінше, оның орнына бірнеше заманауи өркениеттер (немесе белгілі бір ұқсас белгілері бар, бірақ әртүрлі институционалды үдерістерді дамыту үрдісі бар өркениеттік үлгілер) қалыптаса бастады дейді [3]. А. Абдель-Малек әлем әртүрлі болып барады, сондықтан қазіргі кезде әртүрлі елдер мен халықтардың мәдени ерекшеліктері мен универсализмнің синтезі керек деген ой білдірген [4].

Біркелкі, әмбебап жаңару үлгілері туралы көзқарас жаңару теорияларының бастапқы кезеңдерінде орын алған. Неомодернизация концепциясы аясында оларға қарсы «жаңарудың жылжымалы эпицентрлері» және «үлгілі қоғамдар» деген сияқты ұғымдар қалыптасқан [5]. Осындай пікірмен келісе отырып, кейбір ғалымдар белгілі бір тарихи кезеңде жаңару расында да тек қана Батысқа тән құбылыс болғанымен, қазіргі кезде ол глобалды сипатқа ие болды дейді. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, жаңарудың ошағы ретінде Шығыс Азия елдерін қарастыруға болады. Мәселен, Р. Инглхарттың айтуынша, «қазіргі таңда адамгершілік тұрғыдан Батыстың

басым екенін жақтайтын адамдар көп емес шығар, жаңару жағынан көп жағдайда алдыңғы қатарға Шығыс Азия елдері шығып жатыр» [6]. Осы кезде ең өткір пікірталас айрықша (шығыс-) азиялық жаңару жолы Батысқа жай ғана тең емес, тіпті кейбір жағдайда одан басым түсіп, алдағы ғасырды анықтайды деген тұжырым аясында болып отыр [7].

Алайда дайын үлгілер тек қана ұқсас өркениеттік бірегейлігі бар қоғамдарға сәйкес келетіні айқын. Яғни нақты жаңару үлгісін таңдаған қоғамдар мен жаңару үлгісінің иесі болып отырған қоғамдар экономикалық, әлеуметтік-мәдени және саяси тұрғыдан алғанда өзара жақын болуы керек. Олай болмаса өзге, жат жаңару үлгісін ойластырусыз үлгіге алған қоғамдардың әртүрлі пато-, квази-, антижаңару сияқты жағдайға ұрыну қаупі бар.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында олардың қазіргі қазақстандық қоғамның қай өркениетке жататынын анықтаудағы көзқарастары біркелкі емес екенін, сонымен қатар олардың арасында өткір пікірталастар мен талқылау жүріп жатқанын байқауға болады [8, 9, 10].

Қазақстандық қоғамның жаңару-өркениеттік бірегейлігін анықтауда «Батыс-Шығыс» деген сияқты оппозиция (диакризис) осы қоғамға сәйкес келетін жаңару үлгісін таңдауда өте маңызды болып табылады.

Қазақстанда 2006 жылы шілде-тамыз айларында өткізілген сараптық сұрау нәтижелеріне тоқтала кетейік. Сарапшылар, яғни субэлита өкілдері ретінде мемлекеттік қызмет; сауда-өндіріс бизнесі; ғылым, мәдениет және жоғарғы білім; әлеуметтік қызмет салаларындағы басқарушылар мен жоғары лауазымға ие кәсіби білікті мамандар сұралды. Сарапшылар мақсатқа сәйкес сұрыптау негізінде таңдалды, сұрыптауды құруда «жұмаршақ қар» әдісі қолданылды. Сұрауға қатысқан сарапшылар мына қалалардан: Алматы, Астана, Жезқазған, Өскемен, Семей, Тараз. Сұрыптау көлемі 260 адам.

Осы жұмыс аясында қазақстандық субэлитаның (сұрауға қатысқан сарапшылардың) қазақстандық қоғамтанушылар мен саясаткерлер сияқты «Батыс-Шығыс», «Кірме-Өзіндік» жолдары бойынша қазіргі таңдағы Қазақстан үшін лайықты жаңару үлгілерін таңдауға қатысты ойлары біркелкі емес, бір-біріне қарама-қарсы келеді деген сияқты болжау қойылған еді. Оны тексеру үшін сарапшыларға Қазақстанға сәйкес келетін және Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жаңару үлгілерін анықтау бойынша сұрақ қойған едік (кестеге қараңыз).

Сарапшылар үшін ең жағымды жаңару үлгісі – ұлттық, өзіндік сипатқа ие, «бейімделген» жаңару: оны сарапшылардың 39% таңдаған. Осындай үлгінің мәні – жаңару барысында қазақстандық қоғамның дәстүрлі институттарымен, әлеуметтік-мәдени, ұлттық, менталды ерекшеліктері және құндылықтарымен, тарихымен, экономикасы және заманауи әлемдік жүйедегі нақты орнымен санасу. Осындай жаңару үлгісін таңдаған сарапшылардың жартысының дерлік жауаптары (47%) осындай жол саяси және экономикалық тәуелсіздікті сақтауға, ал 36% – қоғамның ұлттық өзіндігін сақтауға мүмкіндік береді деп есептейді.

Сонымен қатар Батыс үлгідегі «вестернизациялық» жаңаруды таңдағандардың үлесі де айтарлықтай болды (28,5%). Олардың ойынша, бұл жаңарудың артықшылығы – қатаң жаһандану жүріп жатқан әлемде саяси және экономикалық әсер етуге, мәртебе үшін бәсекелестікте табысқа жетуге мүмкіндік және кепілдік беретін өзгерістердің қарқындылығы (жауаптардың 73%).

Кесте 1. Қазіргі кездегі Қазақстанға сәйкес келетін және осында нақты жүзеге асырылып жатқан жаңару үлгілері, жауап бергендер санынан %

Жаңару үлгілері	Сәйкес келетін (А)	Нақты жүзеге асырылып жатқан (В)	Дельта (В-А), %
	жаңару үлгілері		
Батыс (дамыған елдер) үлгісі бойынша	28,5	46,9	+ 18,4
Шығыс үлгісі бойынша (жапондық)	8,5	2,3	- 6,2
Шығыс үлгісі бойынша (қытайлық)	6,0	0,8	- 5,2
Шығысеуропалық (постсоциалисттік кеңістік) үлгі бойынша	12,0	22,3	+ 10,3
Ұлттық, өзіндік үлгісі бойынша	39,0	26,2	- 12,8
Аралас, бірнеше үлгілердің әртүрлі белгілерін қамтитын үлгі бойынша	6,0	1,5	- 4,5
Барлығы	100	100	0

Әрбір сегізінші сарапшы ғана қандай да бір ауытқулары мен ерекшеліктері бар постсоциалисттік кеңістікте орын алып жатқан шығысеуропалық үлгіні жақтаған. Оны жақтауда сарапшылар мынаған негізделген: осындай типтес жаңаруды жүзеге асырғанда мемлекет, біріншіден, өзінің саяси және экономикалық тәуелсіздігін сақтап қалуға (жауаптардың 32%), екіншіден, өзінің ұлттық өзіндігін сақтауға (29%) және, үшіншіден, қарқынды жаңаруға (23%) мүмкіндік алады.

Сарапшылар арасында *жапон* (8,5%) және *қытай* үлгідегі (6%) жаңаруды таңдағандар үлесі аз. Жапон үлгісін таңдағандардың жауабы дәстүрлі ұлттық мәдениетті немесе ұлттың өзіндік белгілерін сақтау мүмкіндігімен байланысты болған (18,2+36,4=54,6% жауаптар). Қытай үлгідегі жаңаруды жақтағандардың басым бөлігі елдің саяси және экономикалық тәуелсіздігін сақтау мүмкіндігін (46,7%) және жаңарудың қарқындылығын алға тартқан (26,7%).

Сөйтіп, сұрауға қатысқан сарапшылардың басым бөлігі үшін екі түрлі жаңару маңызды. Оның бірі – Батыс үлгісі (Шығыс Еуропамен бірге): сарапшылардың 40,5% осы типтес жаңаруды таңдаған. Екіншісі – ұлттық өзіндік қазақстандық үлгі: оны жақтағандар үлесі – 39%. Осы орайда Шығыстың (Қытай мен Жапония) тиімді жаңару жолы ретіндегі сыбағалы үлесі көп емес – 14,5%. Жаңарудың осындай екі айқын үлгісі қоғамды екі жаққа тартып жатыр десек артық болмас. Екі жақтың да өз пайдасына келтірер көзқарастары мен пікірлері бар екені даусыз. Осылайша, қазақстандық субэлитаның дүниетанымында қоғамның жаңару-өркениеттік таңдауына қатысты қайшылықтың орын алуын айтуға болады.

Бұдан әрі сарапшыларға «Қазақстанда іс жүзінде қандай жаңару үлгісі орын алып отыр?» деген сұрақ қойылды. Екі сұрақтың жауаптарын салыстыра келе келесідей нәтижеге қол жеткіздік. Бұл екі қатардың нәтижелері бірдей емес. Сарапшылардың бағаларына сәйкес Батыс үлгі де, шығысеуропалық үлгі де қалаулы үлгі дегеннен гөрі нақты үлгі ретінде көбірек кездеседі (сәйкесінше 18,4 және 10,3 пайызға, яғни жалпы алғанда 28,7 пайызға). (Жалпы, сарапшылардың шамамен 70% Қазақстанның шынайы жаңару саясатында батыс немесе шығысеуропалық үлгілер жүзеге асырылып жатыр

деп есептейді). Өзіндік ұлттық үлгіге қатысты жағдай басқаша. Ол қалаулы дегенге қарағанда нақты ретінде едәуір аз көрсетілген (12,8 пайызға). Тек қана 26,2% ғана ұлттық өзіндік жаңаруды шынайы іске асырылып жатқан жаңару ретінде көрсеткен. Қалаулы және шынайы жаңару үлгілері арасындағы айырмашылық батыс үлгідегі жаңаруға алып келетін реформаларға кейбір әлеуметтік топтардың қанағаттанбауынан туындайтын қоғамдық шиеленістің бар екенін көрсетеді. Сарапшылар қазіргі қазақстандық қоғамның субэлита өкілдері ретінде осындай көзқарастардың бар екенін білдіреді.

Сонымен қатар біз сарапшылардың батыстық үлгіде дамуға қатысты пікірін сұрауды жөн көрдік. Осыған орай мынадай сұрақ қойылды: «Кейбіреулердің пайымдауына Қазақстан Батыс жолын ұстанып дамып жатыр. Осыған байланысты Сіз не ойлайсыз?». Осы сұраққа жауап бергендердің 58% мемлекет өзіндік жолымен дамып жатыр деген жауапты таңдады. Сарапшылардың 27% ойынша, еліміз Батыс жолын таңдаған және олар бұндай үрдісті дұрыс деп қабылдайды. Әрбір 10-шы сарапшы еліміз Батыс жолын таңдады, бірақ ол дұрыс емес деген ой білдірді. Қалған сарапшылардың (5%) айтуынша, Қазақстанның заманауи дамуы көп векторлы сипатқа ие.

Э. Тирикян жаңашылдыққа жетудің бірнеше жолы бар екенін көрсете отырып, постсоциалистік қоғамның элиталарының міндеті – өздерінің елдеріндегі әртүрлі институттардың дамуына барынша сәйкес келетін жаңару үлгілерін таңдау деп есептейді. Ол жаңарудың сәтті болуын жаңару үлгілері мен ұлттық дәстүрлер арасындағы өзара байланыс пен ұмтылыстардың болуымен, сонымен қатар күрделі қоғамды қайта құру жағдайында ұлттық ауызбіршілікке қол жеткізумен байланыстырған.

Анкеталық сұрау барысында сарапшыларға мынадай жартылай жабық сұрақ қойылды: «Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда жаңару барысында Қазақстан қандай әлеуметтік-мәдени стратегияны ұстануы керек?». Ұсынылған үш жауаптың арасынан сарапшылардың басым бөлігі (81,5%) «өз еліміздің тарихи ұлттық дәстүрлі мәдениеті мен ділін барынша сақтай отырып, дамыған елдердің мәдениеті мен өмір салтын белгілі бір дәрежеде қабылдау керек» деген жауапты таңдаған. Әрбір жетінші сұралған (15,5%) «дамыған елдердің мәдениеті мен өмір салтын ешбір қабылдамастан қоғамымызды ұлттық дәстүрлі мәдениет негізінде жаңарту керек» деген жауапты жақтаған. «Өзіміздің ұлттық дәстүрлі мәдениетіміз бен ділімізден толықтай бас тартып дамыған елдердің мәдениеті мен өмір салтын толығымен қабылдау керек» деген жауап сарапшылардың 3% көңілінен шыққан.

Жауаптардың осылайша қалыптасарын болжап, сарапшылардың көзқарастарын нақтылау мақсатында келесі сұрақ қойылған еді: «Төменде келтірілген екі түрлі пікірдің қайсысы Сіздің ойыңызша дұрыс?». Таңдауға берілген жауаптар мынадай еді: а) жаңару үдерісіне кедергі келетін болса да, Қазақстанның жаңаруын тек қана ұлттық мәдениет (мәдениеттер) аясында жүргізу; және б) ұлттық мәдениетке (мәдениеттерге) келтіретін қатеріне қарамастан жаңаруды қарқынды жүргізу, әйтпесе біз әлемдік жаһандану үдерісіне ілесе алмаймыз. Сұрақ жартылай жабық болған, жауап бергендердің 18,5% жоғарыда келтірілген жауаптардың ешқайсысын қолдамай, өз жауаптарын берген. Дегенмен басым көпшілігі бірінші жауапты жақтаған (52%), ал екінші жауапты 29,5% сарапшылар белгілеген.

Өз пікірін ұсынғандардың жауаптарының құрылымына толығырақ тоқталар болсақ, олар негізінен мынадай: жаңаруды тек қана ұлттық мәдениет аясында жүргізу, ұлттық мәдениетті ескере отырып жүргізу, ұлттық мәдениетке барынша

төмен кері әсерін тигізе отырып жүргізу немесе ұлттық мәдениетті барынша сақтай отырып жүргізу; Қазақстанда жаңару табиғи жолмен жүзеге асуы керек; жаңаруды шығындарын ақтай отырып жүргізу керек; кешенді түрде, бірте-бірте, өзара байланыста жүргізу керек; егер де барлығын дұрыс ойластырса, бірі екіншісіне кедергі келтірмейді; ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге, тілді сақтауға басымдық беру керек және т.б. Сондай-ақ кейбіреулері жерлігілікті ерекшеліктерді ескере отырып әлемдік тәжірибені зерттеу және қабылдау керектігін айтады.

Жоғарыда айтылғандай, сарапшылардың 81,5% «өз еліміздің тарихи ұлттық дәстүрлі мәдениеті мен ділін барынша сақтай отырып, дамыған елдердің мәдениеті мен өмір салтын белгілі бір дәрежеде қабылдау керек» деп жауап бергендер келесі сұраққа берілген жауаптардың арасында осындай жауаптын болмауына байланысты өз ойларын «жаңару үдерісіне кедергі келетін болса да, Қазақстанның жаңаруын тек қана ұлттық мәдениет (мәдениеттер) аясында жүргізу керек» деп нақтылаған.

Қазақстанның даму жобасы дәстүрлер мен жаңашылық, өзіндік және біркелкілік сияқты түбегейлі оппозиция аясында дамып жатыр. Бұл қоғам өміріне қосымша бәсекелестік, келеңсіздік енгізіп, қарама-қарсы келетін мүдделерді, көзқарастарды, пікірлерді туғызады. Осындай жағдайда қоғам алдында ішкі, әлеуметтік-мәдени және сыртқы импульстарды қабылдап, бойына сіңіріп, осындай қайшылықтарды тиімді шешім қабылдау үшін қолданып, жаңару үдерісіне қосу сияқты міндет тұр. Субэлиталардың жаңару стратегиясына қатысты қайшылықтары мен пікірталастары барлық әлеуметтік топтардың пікірлерін ескерумен саяси және ғылыми пікірталастарда қоғамдық консенсус ретінде шешімін таба алады.

-
1. Сравнительное изучение цивилизаций: Хрестоматия. М.: Аспект-пресс, 1999. - 556 с.
 2. Бендикс Р. Современное общество / Американская социология: перспективы, проблемы, методы. М.: Прогресс, 1972. - С. 330-340.
 3. Айзенштадт Ш.Н. Множественность модернизмов в век глобализации // Глобализация: Контуры XXI века: Реф. сб. М.: ИНИОН РАН, 2002. - С. 136-145.
 4. Красильщиков В.А., Гутник В.П., Кузнецов В.И., Белоусов А.Р. Модернизация: зарубежный опыт и Россия. М.: ИНФОМАРТ, 1994. - 115 с.
 5. Штомпка П. Социология социальных изменений. М.: Аспект Пресс, 1996. – 416 с.
 6. Инглегарт Р. Модернизация и постмодернизация / Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология. М.: Academia, 1999. - С. 261-291.
 7. Цапф В. Теория модернизации и различие путей общественного развития // Социологические исследования. 1998. - №8. - С. 14-26.
 8. Нысанбаев А.Н. 15 лет независимости Казахстана: становление нового общественного сознания. Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006. - 222 с.
 9. Жармакина Ф.М. Формационная специфика Казахстана / Центральная Азия: проблемы современного социокультурного развития. Новосибирск: Новосибирский государственный университет, 2003. - С. 61-74.
 10. Алесин В. Стратегия регионального лидерства как ответ Казахстана на вызовы глобализации // Analytic. - 2005. - №3. - [online]. <<http://www.kisi.kz/img/docs/87.pdf>>.

* * *

В статье рассматриваются результаты экспертного опроса «Модернизация казахстанского общества: взгляд эксперта». По оценкам экспертов выявлены предпочтительные для современного казахстанского общества и реализуемые (реальные) в Казахстане модели модернизации.

The results of an expert survey “Modernization of the Kazakstani society” are presented. Some real and preferable for Kazakhstan models of modernization are presented.

А.М. Чинасилова

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕДЕГІ ОРТА ТАПТЫҢ ИДЕНТИФИКАЦИЯСЫ (АНЫҚТАУ)

«Орта тапты» әртүрлі түсіну қазіргі ғылымда орта тапты зерттеудің көптеген әдістерін анықтап, нәтижесінде зерттеліп отырған қоғам құрлымы туралы әртүрлі мәліметтер алу.

Орта таптың қалыптасу мәселесіне назар аударатын болса, бірінші кезекте оның идентификациясына көңіл аударсақ, дәл осы мәселеге қандай да бір жалпы анықтама беруге әлі ертерек десек те болады.

Орта таптың негізгі белгілерінің бірі тұрмыс жағдайының жақсы болуы, ол нақ осы әлеуметтік топтың идентификаторы рөлін атқарады.

Орта тапты зерттеуде көптеген бағыттардың болуы, оның идентификациясының бірнеше критерийлерін анықтауға көмектеседі. Осы критерийлердің болуы жиынтығын, екі топқа бөліп қарастыруға болады: стратификациялық және стратификациялық емес.

Орта таптың идентификациясының критерийлері ретінде көбіне келесі көрсеткіштерді қолданамыз:

- материалды жағдайының мінездемесі (табыс деңгейі, жылжымайтын мүліктің бар болуы, және т.б.);
- кәсібимамандық статусының көрсеткіштері (билік иерархиясындағы жағдайы, білім деңгейі және сапасы, мамандығының қиындығына байланысты, экономиканың белгілі бір секторына қатысы);
- өндіріс орындарын игеру көрсеткіштері («дәстүрлі» орта таптың идентификациясының негізгі көрсеткіші);
- саяси статусының көрсеткіштері, яғни әртүрлі деңгейдегі шешімдерді қабылдауға оның қатысы немесе әсері;
- әлеуметтік мобильділіктің потенциалдық мінездемесі;
- әлеуметтік престиж көрсеткіштері;
- өмір сүрудің статустық аспектілерінің мінездемесі (өмір сүріп жатқан ортаның сапасы, қарымқатынас ортасы, әлеуметтік көңілкүйі және де т.б.)

Орта тап туралы біз - өмір салты бойынша бай және кедейлер арасында орналасқан адамдар қауымдастығын сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық категория деп қарастырдық. Осыған сәйкес біздің орта тапты идентификациялау әдістеріміздің барлығы өмір деңгейін бағалаумен байланысты.

Өмір деңгейін жеке адам, отбасы, халықтың әлеуметтік топтары немесе біздің жағдайымызда орта тап тұтынатын тауарлар мен қызметтер жиынтығы арқылы анықтай аламыз. Өмір деңгейінің әртүрлі жақтарын көптеген көрсеткіштерден көруге болады. Мысалы, халықтың материалды құндылықтық шығындары мен қызметтерді пайдалануы, халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, мүліктік жинақтар көрсеткіші, халықтың табысының жіктелу көрсеткіші және т.б. Алайда, өмір